

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕНДІК ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН БАҚЫЛАУ МЕХАНИЗМІН ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Сария*
КАЗБЕКОВА

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Басқару институтының докторанты, Астана, Қазақстан Республикасы, kazbekova_88@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-9490-6740

Гүлмира
ЕСЕНОВА

экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ білім беру бағдарламалары бөлімінің басшысы, Астана, Қазақстан Республикасы, pavlodarsemey@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4576-3920, Scopus Author ID: 56658696000

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 07/05/2024

Қайта өңделген күні: 11/01/2024

Қабылданған күні: 20/11/2024

DOI: 10.52123/1994-2370-2024-1245

ӨЖ 336.025

ГТАХТК 06.73.15

Аңдатпа. Бұл мақалада сауданы жеңілдету үшін кедендік саясатты үйлестіру қажеттілігі және басқару мен үйлестіруді жақсарту үшін шекараны кешенді басқару және «бір терезе» сияқты сауданы жеңілдетудің белгілі тұжырымдамалары Қазақстанда қаншалықты қолданыла алатыны қарастырылады. Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы кедендік ресімдеу рәсімінің қазіргі жағдайын зерделеу, кешенді кедендік бақылауға қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіру механизмін әзірлеу бағыттарын ұсыну. Зерттеу әдебиеттердің мазмұнын талдауға және кеден органдарының практикалық тәжірибесіне негізделген. Эмпирикалық зерттеу қазақстандық кеденнің ашық дереккөздерінен және қолданыстағы заңнамадан алынған ақпаратқа негізделген. Бұл мақала сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға әкелетін кешенді бақылауды енгізудің артықшылықтарын анықтайды, өйткені деректер барлық мүдделі қызметтер үшін ашық болады, ал ақпаратқа қолжетімділік қызметкерлердің функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес реттеледі.

Кешенді мемлекеттік бақылау тетігін енгізу нәтижесінде мемлекеттік органдардың қызметі азаматтардың қажеттіліктеріне және мемлекеттік шешімдердің тиімділігіне бағытталады, бұл мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың бюрократиялық үлгісінен «халық үніне құлақ асатын» және «белсенді» үлгісіне ауыстырылуына мүмкіндік береді. Бұл тауарлардың шекарадан өту уақытын қысқартады, нәтижесінде шекараны өту кезіндегі мемлекеттік бақылаудың тиімділігін, транзиттік елеуетті, салықтар мен кедендік төлемдерді жинауды арттырады деп күтілуде.

Түйін сөздер: кеден, кіріс, кедендік әкімшілендіру, сауданы жеңілдету, «бір терезе» қағидаты, кедендік ресімдеу орталықтары, кедендік ресімдерді жеңілдету.

Аннотация. В настоящей статье рассматривается необходимость координации таможенной политики для содействия торговле и то, в какой степени некоторые концепции содействия торговле, такие как комплексное управление границами и «единое окно», могут быть применимы в Казахстане для улучшения управления и координации. Цель статьи – изучить актуальное состояние процедуры таможенного оформления в Казахстане, представить направления развития механизма координации взаимодействия участников интегрированного таможенного контроля. Исследование основано на контент анализе литературы и практического опыта таможенных органов. Эмпирическое исследование обосновано информацией из открытых источников казахстанской таможни, действующего законодательства. В данной статье определены преимущества внедрения интегрированного контроля, которое должно привести к исключению коррупционных рисков, поскольку данные будут прозрачны для всех заинтересованных служб, а доступ к информации регулируется в соответствии с функциями и полномочиями сотрудников.

¹В результате внедрения механизма комплексного государственного контроля будет достигнута ориентированность деятельности государственных органов на нужды граждан и эффективность принимаемых государственных решений, что позволит отойти от бюрократической модели отношений между государством и обществом на «слышащее» и «проактивное». Ожидается, что это позволит сократить время прохождения товаров через границу, что повысит эффективность государственного контроля при пересечении границы, транзитный потенциал, сбор налогов и таможенных пошлин.

* Хат-хабарларға арналған автор: С. Казбекова, kazbekova_88@mail.ru

Ключевые слова: таможня, доходы, таможенное администрирование, содействие торговле, принцип «единого окна», центры таможенной очистки, упрощение таможенных процедур.

Abstract. This article examines the need for customs policy coordination to facilitate trade and the extent to which certain trade facilitation concepts, such as integrated border management and «single window», can be applied in Kazakhstan to improve governance and coordination. The purpose of the article is to study the current state of the customs clearance procedure in Kazakhstan, to present directions for the development of a mechanism for coordinating the interaction of participants in integrated customs control. The study is based on content analysis of literature and practical experience of customs authorities. The empirical study is based on information from open sources of Kazakhstan customs and current legislation. This article identifies the advantages of implementing integrated control, which should lead to the elimination of corruption risks, since the data will be transparent to all interested services, and access to information is regulated in accordance with the functions and powers of employees.

As a result of the introduction of a mechanism of comprehensive government control, the activities of government bodies will be focused on the needs of citizens and the effectiveness of government decisions, which will allow us to move away from the bureaucratic model of relations between the state and society to “listening” and “proactive”. It is expected that this will reduce the time it takes for goods to cross the border, which will increase the efficiency of government control at border crossings, transit potential, and the collection of taxes and customs duties.

Keywords: customs, revenue, customs administration, trade facilitation, «single window» principle, customs clearance centers, simplification of customs procedures.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында тексерушілер санын қысқартуға және «бір терезе» қағидатын енгізуге мүмкіндік беретін интеграцияланған кедендік бақылау тетігін кедендік ресімдеу орталықтарының және электрондық декларациялау басқармасының жұмысына енгізу қажеттігін көрсетті [1].

Қазіргі уақытта сыртқы экономикалық қызметке қатысушы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын өту кезінде кедендік ресімдеуден өту және тауарларды шығару мақсатында түрлі мемлекеттік қызметтерге тиісті құжаттарды ұсынады. Өйткені шекаралық, кедендік, көліктік, санитарлық-карантиндік, ветеринариялық, фитосанитарлық бақылау және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерін бес мемлекеттік органның қызметкерлері жүзеге асырады. Сонымен қатар, сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларына сәйкес рұқсаттар мен лицензияларды он екіден астам мемлекеттік орган береді. Мұның бәрі қағазбастылыққа және мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің ұлғаюына әкеледі.

2003 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) Министрлер конференциясы барысында елдер арасындағы сауда экономикалық әл-ауқаттың маңызды факторы болып табылатыны туралы мәлімденді. Кедендік әкімшіліктер халықаралық сауда тиімділігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені олар ұлттық

заңнаманың және халықаралық сауда ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету

үшін әрбір жөнелтілімді өңдейді. Кірістің түсуін және сауда жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету функцияларын орындаумен қатар, кеден органдары инвестицияларды ынталандыру және қоғамның әл-ауқатын арттыру үшін сауда рәсімдерін жеңілдету миссиясын орындауы қажет [2].

Халықаралық сауданы ырықтандыру бастамалары шекара арқылы тасымалданатын тауарлар көлемінің жылдам өсуіне әкелді. Кедендік одақтар мен еркін сауда аймақтары сияқты преференциялық келісімдердің жүзеге асырылуы тарифтік кедергілердің азаюына әкелді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 977 қаулысымен бекітілген «Өткізу пункттерін ашу (жабу), олардың жұмыс істеуі (пайдаланылуы), оларды санаттарға бөлу, жіктеу, жайластыру қағидаларын, сондай-ақ техникалық жарақтандыру, жаңғырту және олардың жұмысын ұйымдастыру, сервистік инфрақұрылым жөніндегі талаптарды бекіту талаптарға» сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын адамдардың кесіп өтуінің, ол арқылы көлік құралдарын, жүктерді, тауарларды, жануарларды, өсімдік өнімдерін және өзге де мүлікті тасымалдаудың белгіленген тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өткізу пункттерінде шекаралық, кедендік, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық, фитосанитариялық

бақылау және бақылаудың өзге де түрлері жүзеге асырылады [3].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережеге сәйкес Комитеттің міндеттеріне ЕАЭО-ның кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды және автомобиль, теңіз өткізу пункттерінде және ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің басқа орындары көліктік бақылауды ұйымдастыру жатады [4].

Аталған міндеттерді интеграцияланған бақылауды енгізу арқылы шекараны өту кезінде және ресімдеу орталықтарында жүргізілетін барлық рәсімдерді оңтайландыру көмегімен шешуге болады.

Сауданы жеңілдету жөніндегі бұл бастама бизнес қауымдастығына да, үкіметке де пайдалы болады. Бір жағынан сауданы жеңілдету және екінші жағынан сауда қауіпсіздігі арасындағы тепе-теңдік заңды тауарлардың шекарадан қажетсіз кедергілерсіз өтуіне мүмкіндік береді, сонымен бірге халықаралық сауда жеткізу тізбегін ұйымдасқан қылмыстан туындайтын қауіптерден қорғайды.

Айта кету керек, «бір аялдама, бір терезе» қағидаты алғаш рет 2008 жылы 13 мамырда жарияланған болатын. Кедендік бақылаудың интеграцияланған жүйесі өткізу пункттерінде орналасқан қызметтердің санын олардың функцияларын кеден органдарына бере отырып, қысқартуды көздеді, бұл өз кезегінде заңнамаға «шекарадағы автомобиль өткізу пункттеріндегі көлік, ветеринарлық, фитосанитарлық және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау функцияларын кеден органдарына беру туралы» өзгертулер енгізуді талап етеді. Жедел басқару орталығы негізінде ведомствоаралық мониторинг жүйесін құру, рұқсат беру құжаттарының санын және оларды беру мерзімдерін қысқарту, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін қоспағанда, бақылау функцияларын өткізу пункттерінен жүк терминалдары мен кедендік ресімдеу орталықтарына беру көзделді [5].

Теориялық негіздері

Кеден органдарының жұмысын «Бір терезе» және «Біріңғай терезе» тетіктері негізінде тиімді ұйымдастыру үшін алдымен 1-кестеде көрсетілген осы тәсілдің негізгі мазмұнын ашып көрсету қажет.

1-кесте – «Бір/біріңғай терезе» механизмінің негізгі мазмұны

Термин	Анықтамасы
«Бір терезе» (БҰҰ ұсынған)	«Сауда және көлік операцияларына қатысатын тараптарға импортқа, экспортқа және транзитке қатысты барлық реттеуші талаптарды орындау үшін бір арна арқылы стандартталған ақпарат пен құжаттарды ұсынуға мүмкіндік беретін механизм». Сонымен қатар, жеке деректер элементтері тек бір рет ұсынылуы керек.
«Біріңғай терезе» (ЕАЭО қолданып жүрген)	Сыртқы экономикалық қызметті реттейтін мемлекеттік органдар мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл механизмі, бұл сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кейіннен экономикалық қызметтің орындалуын бақылау кезінде өз құзыретіне сәйкес мүдделі мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың пайдалануы үшін бірыңғай өткізу арнасы арқылы стандартталған нысанда құжаттарды бір рет ұсынуға мүмкіндік береді.
Дереккөз: [6,7]	

1-кестеде келтірілген «Бір терезе» және «Біріңғай терезе» механизмдерінің мазмұнын талдай отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады:

1) БҰҰ мен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) қолданатын мазмұн ұқсас;

2) екі жағдайда да құжаттарды бір жолғы, бір арна арқылы ұсыну және

стандартталған нысанда жүзеге асырылады.

Карина Элмане-Хелмане, Карлис Кетнерс өз зерттеулерінде шекараны үйлестірілген басқару (CBM) немесе шекараны интеграцияланған басқару (IBM) сияқты терминдерді келтірді. Бұл екі ұғымның мақсаты - деректерді жинақтауға, бірлесіп пайдалануға және бөлісуге,

шекарадағы өкілеттіктерге және жауапкершілікке, инфрақұрылымға (физикалық, технологиялық және ұйымдастырушылық), заңнамаға және шекаралық қызметті реттеуге, сондай-ақ жобаны әзірлеу үшін қаржыландырудың болуына баса назар аудара отырып, сауданың тиімділігін арттыру [8].

Осылайша, кедендік бақылауды және тәуекелдерді талдау тиімділігін арттыру, алаяқтықпен күресу және кедендік ресімдеу процесін жеңілдету, кәсіпорындар үшін де, мемлекеттік органдар үшін де кедендік ресімдеу үшін қажетті уақыт пен шығындарды азайту мақсатында Еуропалық Одаққа (ЕО) мүше мемлекеттер интеграцияланған электрондық ақпарат алмасу жүйесін құруды шешті. Бұл шешім ЕО-ның барлық мүше мемлекеттеріндегі кеден органдары мен экономикалық операторлар арасында, сондай-ақ кеден органдары мен тауарларды ресімдеумен және бұл процесті бақылаумен айналысатын басқа да мемлекеттік органдар арасында деректер алмасуды қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді дамытудың ЕО стратегиясына сәйкес келеді [8].

Бұл мақсат Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің бастамасымен Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасында және оны іске асырудың бірінші кезектегі шараларында да көрініс тапқан [9].

Кедендік бақылау процесін оңтайландыруға кеден органдарына алдын ала ақпарат беру айтарлықтай үлес қосты – бұл технологиялық процесс, оның барысында мүдделі тұлғалар (сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, тасымалдаушылар, кеден өкілдері) ЕАЭО кедендік шекарасындағы белілі бір өткізу пункттері арқылы өтуі жоспарланған

тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты дербес қалыптастырады және кеден органдарына электронды түрде береді.

Бұл алдын ала ақпаратты кеден органдары кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мақсатында пайдаланады. Атап айтқанда, өткізу пунктінде кедендік ресімдеу кезінде ұсынылған алдын ала ақпарат тасымалдау құжаттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкессіздік болмаған жағдайда транзиттік декларацияның электрондық көшірмесі ретінде пайдаланылады [10].

Кеден одағының заңнамасына сәйкес алдын ала ақпаратты мүдделі тұлға тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізгенге дейін кемінде 2 сағат бұрын Кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органына жіберуі тиіс.

Кеден органдарына тасымалдауға жоспарланған тауарлар туралы ақпарат және алдын ала ақпарат беру негізінде тәуекелді бағалауды жүргізуге және тауарлар кедендік аумаққа келгенге дейін кедендік бақылау объектілерін, нысандарын және кедендік бақылауды қамтамасыз ететін шараларды таңдау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді [10].

Кедендік бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында 9 мемлекетпен: Қытай, Түркия, Иран, Өзбекстан, Әзірбайжан, Грузия, Түркіменстан, Украина, Тәжікстан тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы халықаралық шарттар жасалды [11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19].

Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып, тауарлар туралы ақпаратты талдау негізінде кедендік бақылау әдістері оңтайландырылуда (1-сурет).

1-сурет. Астана-1 ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылатын декларацияны шығару процесі



* дереккөз: [21].

Бұл ретте мемлекеттер арасында алдын ала ақпарат пен декларация алмасуға балама қазіргі уақытта заң жүзінде анықталмаған кедендік бақылаудың «бір терезе» технологиясы болуы мүмкін.

Материалдар мен әдістер

Зерттеліп отырған мәселенің шеңберінде біз Қазақстандағы кедендік бақылау саласының негізгі сипаттамаларын талдауды маңызды деп санаймыз. Қазақстанда бұл саладағы бастамалардың негізгі қозғаушы күші мемлекет болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік кірістер органдары кедендік бақылауды жетілдіру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстардың ауқымын бағалауды маңызды деп санаймыз. Сауданы жеңілдетуді дамытуда Қазақстанды қандай перспективалар күтіп тұрғанын анықтау қажет. Интеграцияланған бақылауды енгізу мәселесін авторлар контекстік талдау және салыстыру әдістерін пайдалана отырып зерттегенін атап өту маңызды.

Осы мақаладағы мақсаттарға жету үшін сипаттамалық әдіс және себеп-салдар әдісі қолданылады. ДКҰ, ЭЫДҰ және т.б. сияқты халықаралық ұйымдардың рецензияланатын және талқыланатын материалдары, талдамалық баяндамалары мен зерттеу жұмыстары, Қазақстанның, ЕАЭО және ДКҰ-ның заңнамалық құжаттары зерделенді.

Мақаланың құрылымы келесідей: кіріспеде қолданыстағы ұлттық заңнама туралы қысқаша ақпарат берілген, оған сәйкес шекарада мемлекеттік бақылау,

оның ішінде кедендік бақылау жүзеге асырылады. Осы мақаланың бұл бөлімінде келесі бөлімдердегі реформаларды талдау кезінде қандай әдіснама мен деректер қолданылғаны, сондай-ақ осы талдауға негізделген қорытындылар көрсетіледі.

Нәтижелер мен пікірталас

Зерттеудің эмпирикалық бөлігін жүргізу үшін соңғы уақытта үлкен өзгерістерге ұшыраған технологиялық шешімдер мен физикалық инфрақұрылым сияқты салаларға талдау жасау қажет. ЕАЭО Кеден кодексінің 104-бабына сәйкес кедендік декларациялау электронды түрде жүзеге асырылады [22]. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында кедендік реттеу саласында АСТАНА-1 және «Экспорттық-импорттық операциялардың бірыңғай терезесі» екі ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, олар 2017 жылдан бастап кедендік бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейін айтарлықтай ілгерілетіп, оң нәтижелер бергені сөзсіз.

«АСТАНА-1» АЖ барлық кедендік рәсімдер мен операцияларды қамтиды, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің салық деректер базаларымен интеграцияның жоғары деңгейімен қатар, Қазақстан Республикасының және ЕАЭО елдерінің мемлекеттік органдарының басқа жүйелерімен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырады. «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде алғаш рет тауарларға арналған декларацияларды автоматты түрде тіркеу және шығару технологиясы енгізілді. Бұл жаңашылдық декларацияны тіркеуді, тәуекелдерді басқару жүйесімен

бақылауды, декларанттың жеке шоттарынан кедендік баждар мен салықтардың сомаларын есептен шығаруды, сондай-ақ тауарларды шығару туралы шешімді мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғаның қатысуынсыз ақпараттық жүйенің өзі қабылдауды көздейді.

Электрондық өзара іс-қимыл процестері үшін «кері байланыс» қамтамасыз етіледі, яғни ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, кеден органдарына өтініш берген тұлғалар кеден қызметі қабылдаған шешімдер туралы хабардар етілетіндігін атап өткен жөн. Кедендік әкімшілендіруі дамыған елдердегі тәжірибеге ұқсас, кеден қызметкерлеріне транзиттік декларацияларды, жолаушыларға арналған кедендік декларацияларды, көлік құралдарына арналған декларацияларды, сондай-ақ тауарларды экспорттау рәсіміне жатқызу үшін ұсынылған тауарларға арналған декларацияларды толтыру мүмкіндігі енгізілді.

Осылайша, АСТАНА-1 АЖ енгізу арқылы келесі артықшылықтар алынды:

- жүйе пайдаланушыларға тегін ұсынылады;

- кедендік декларацияны мемлекеттік кірістер органына жөнелту құжаттарын қоса бермей-ақ беруге болады;

- тәуекелдерді басқару жүйесінен ұсынымдар болмаған жағдайда тауарларды автоматты түрде шығару.

«АСТАНА-1» АЖ іске асырудың нәтижесі:

- тәуекелдер болмаған жағдайда тауарларды кедендік ресімдеу уақытын 1 минутқа дейін қысқарту, бұл кедендік декларациялардың жалпы санынан кедендік декларациялардың шамамен 70%-ын құрайды, қалған 30%-ы шығару уақыты ТБЖ шығарған ұсынымдарды орындауға байланысты ТБЖ шеңберінде тәуекелдерді барынша азайту шаралары қолданылған кедендік декларациялар болып табылады;

- тауарларды декларациялау кезінде сыртқы саудаға қатысушылардың қаржылық шығындарын азайту;

- сыртқы сауда қызметіне қатысушылар мен кеден органдары арасындағы тікелей байланысты барынша азайту арқылы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Жалпы алғанда, тәжірибеде автоматты түрде берілетін тауарларға арналған декларациялардың ұлғаюы байқалды, сонымен қатар электрондық декларацияны енгізу ТБЖ шеңберінде субъектіге бағытталған тәсілді қолдану есебінен кедендік рәсімдерді жеделдетуге ықпал етеді, кедендік бақылау барынша азайтылды. «Астана-1» АЖ-да Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйелерімен интеграциялану арқылы қамтамасыз етілген ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау үшін белгілер қойылады. Санитарлық-карантиндік және көліктік бақылауды мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады [23]. Сауда рәсімдерін жеңілдету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету инфрақұрылымын дамыту бойынша Қазақстанның міндеттемелерін орындау мақсатында 2019 жылдың наурыз айында экспорттық-импорттық операцияларға арналған «Біріңғай терезе» порталы енгізілді. Бұл портал халықаралық ұйымдардың ұсынымдары негізінде кезең-кезеңімен іске қосылды.

Осылайша, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру шеңберінде кеден ісі саласында келесі қызметтерді электронды түрде көрсетуге көшу бойынша жұмыстар жүргізілді:

- «Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу»;
- «Өз тауарларын сақтайтын қойма иелерінің тізіліміне енгізу»;
- «Кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу»;
- «Еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу»;
- «Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу»;
- «Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу»;
- «Бажсыз сауда дүкендерінің тізіліміне енгізу»;
- «Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу»;
- «Кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу».

2024 жылдың соңына қарай «Кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді тіркеуге өтініш беру» модулін іске қосу жоспарлануда.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, сәйкестікті растау құжаттарын (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің

Техникалық реттеу және метрология комитеті) CITES Конвенциясына енгізілген жабайы жануарлардың/өсімдіктердің тасымалдануына рұқсаттар (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі), бағалы металдарға/тастарға мемлекеттік бақылау актілері (Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті) беру жүйесінің құрамдас бөліктері жүзеге асырылды. Сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік тізілімдерін қалыптастырудың ортақ процестеріне қосылу бөлігінде Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық жүйесімен интеграция іске асырылды.

Сонымен қатар, «Бірыңғай терезе» пайдаланушылары мыналарға қол жеткізе алады:

- ақпараттық бөлімдері бар «Бірыңғай терезе» порталы;
- сыртқы экономикалық қатысушының тауар номенклатурасының классификациясы, шығарылған елі, құрастырылмаған/бөлшектелген тауарлар бойынша алдын ала шешімдерді алу;
- әкелінетін тауарлардың кедендік құнын анықтау әдістерін қолдану туралы алдын ала шешімді алу;
- тіркелмеген пестицидтерді әкелуге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен рұқсат алу;
- сәйкестікті растау жөніндегі органдар берген сертификаттар мен сәйкестік туралы декларацияларды алу (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті берген мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді алу;
- көлік құралдарын VIN коды бойынша кедендік ресімдеу фактісін тексеру.

Растайтын құжаттар мен ақпаратты қайталап тапсыру қажеттілігін жою үшін қазіргі уақытта үшінші тарап жүйелерімен 18 интеграция жүзеге асырылды. Жүргізілген интеграциялар мәлімделген ақпаратты және ұсынылған құжаттарды басқа жүйелерден автоматты түрде тексеруге мүмкіндік берді. Ыңғайлы болу үшін пайдаланушылар электрондық пошта және SMS хабарламалар арқылы қызмет

көрсету күйі туралы хабарламаларды ала алады [24]. «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің «Тыйым салулар мен шектеулерді сақтау» 8-бабына сәйкес тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізіледі және (немесе) тыйым салулар мен шектеулерді сақтай отырып, кедендік рәсімдермен орналастырылады. Тарифтік емес реттеу шараларын, оның ішінде біржақты тәртіппен енгізілетін тарифтік емес реттеу шараларының және техникалық реттеу шараларының сақталуы – Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шартқа сәйкес Комиссия айқындаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларда және тәртіппен, ал өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау шараларының, оның ішінде әскери мақсаттағы өнімге қатысты шаралардың сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған жағдайларда және тәртіппен осындай шаралардың сақталуын растайтын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну арқылы расталады [20].

«Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында сәйкестікті міндетті бағалауға жататын өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 130 шешімімен Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде міндетті талаптарды бекітілді [25]. Бұл тәртіпке сәйкес мемлекеттік тіркеу немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама нысанында сәйкестікті бағалау жүргізу көзделген әкелінетін (әкелінген) өнімге қатысты техникалық реттеу шараларының сақталуы Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 және 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімдеріне сәйкес расталады [26, 27].

«Тарифтік емес реттеу шаралары туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінің 3-тармағына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті лицензиялау арқылы және (немесе) оны реттеудің өзге де әкімшілік шараларын қолдану арқылы іске асырылады [28].

Тауар декларациясының 33-бағаның 2-бөлімшесіне «Жіктеуіштерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 ақпандағы №

259 бұйрығына сәйкес тыйым салулар мен шектеулер бойынша жіктеуіштің коды көрсетіледі (2-кесте) [29].

2-кесте. Кедендік декларациялау кезінде қолданылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын кодтардың жіктеуіші

Код жіктеуіштері	Тыйым салулар мен шектеулердің атауы
A	Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салу
B	Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге мөлшерлемелік шектеулер
C	Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат беру тәртібі
D	Техникалық реттеу
E	Санитарлық шаралар
F	Ветеринариялық-санитариялық шаралар
G	Карантиндік фитосанитариялық шаралар
H	Қосарлы және әскери қолданыстағы (мақсаттағы) тауарлар және технологиялар

*дереккөз: [29].

Кедендік ресімдеу кезінде сәйкестікті растау жөніндегі құжаттар мен тауарларға арналған декларациялар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ресми интернет-ресурстарында орналастырылған растайтын құжаттардың тізілімдерімен тексеріледі.

ЕАЭО-ға мүше елдерде жүзеге асырылатын сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі ұлттық «біріңғай терезе» тетігінің эталондық үлгісі цифрлық кеденге көшу тенденцияларына сәйкес келеді.

Дегенмен, бүгінгі күннің мәселелері шешім қабылдауға адам факторының әсерін азайтуға және кедендік формальдылықты жеңілдетуге бағытталған неғұрлым икемді жүйелерді қолдануды талап етеді.

«Keden» жаңа ақпараттық жүйесі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың «бір терезе» қағидатын қамтамасыз етеді, тауарларды әкелу кедендік рәсімдерін, рұқсаттар алуды және тауарларды шығарғаннан кейінгі бақылауды айтарлықтай жеңілдетеді, сондай-ақ бизнес және үкімет арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді экожүйесін құруға мүмкіндік береді. Ресурстардың жетіспеушілігі қолда бар ресурстарды оңтайландыру және дамуға ықпал ететін шараларды енгізу арқылы даму қажеттігін көрсетеді. Тиімді болу үшін бизнеспен де, әртүрлі органдармен де, соның ішінде мемлекеттік ведомстволармен, ұйымдармен және әртүрлі бірлестіктермен де өзара әрекеттесу қажет. Ең дұрысы,

ынтымақтастық үш түрлі деңгейде кеңейтілуі мүмкін: ведомствошілік, ұлттық деңгейдегі ведомствоаралық және халықаралық немесе аймақтық деңгейдегі ведомствоаралық.

2024 жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «АСТАНА-1» және «Экспорт-импорт операцияларының бірыңғай терезесі» ақпараттық жүйелерінің қолданыстағы функционалдығын кезең-кезеңімен алмастыратын «Keden» жаңа кедендік ақпараттық жүйесін іске қосу бойынша жұмыстарды жүргізуде. Осы процестің шеңберінде 2024 жылдың қараша айында «Keden» АЖ-да кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету куәлігін тіркеуге өтінімдерді беруді, сондай-ақ сертификаттың өзін қалыптастыруды қамтитын жаңа функцияны іске қосу жоспарлануда. Сонымен қатар, көрсетілген кезеңде «Keden» АЖ-де келесі функциялардың жұмысы басталады:

- тауарлар келген кезде алдын ала ақпарат беру және кедендік операцияларды өткізу.

- көлік, ветеринариялық, фитосанитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды өткізу.

- транзиттік декларацияны ұсыну, ресімдеу және шығару, сондай-ақ кедендік транзиттің аяқталуы.

- тауарларды уақытша сақтау бойынша кедендік операцияларды жүргізу.

- резидент емес жеке тұлғалар үшін бірегей сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру [30].

2-сурет. Кедендік әкімшілендірудің қолданыстағы және енгізуге жоспарланған ақпараттық жүйелері



*дереккөз: [30]


3-сурет. «бір терезе» қағидаты бойынша кедендік ресімдеудің барлық рәсімдерін қамтитін бірыңғай кедендік әкімшілендіру жүйесі



*дереккөз: [30]

4-сурет – Кеден ақпараттық жүйесінің сипаттамасы

«Keden» ақпараттық жүйесі



*дереккөз: [30]

Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688 «Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылатын шекаралық, кедендік, санитарлық-карантиндік, ветеринариялық, карантиндік фитосанитариялық және көліктік бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды жабдықтауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің сыныптамасына және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункті паспортының нысанына қойылатын бірыңғай үлгілік талаптар туралы» шешімі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды жабдықтауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға Бірыңғай үлгілік талаптары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің сыныптамасы бекітілді [31]. Стандартты талаптарды ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет жүзеге асыратындықтан, кедендік бақылаудың уақыты мен сапасына әсер ететін өткізу пункттерін жайластыру және жабдықтау деңгейінің айырмашылықтары анықталады. Кедендік бақылауды ұйымдастыру бойынша үзіліссіз жұмыс тек

кедендік бақылау технологияларымен ғана емес, сонымен қатар көршілес мемлекеттердің кеден органдарымен өзара әрекеттесу арқылы тиімділігін арттыруға болатын өткізу пункттерін орналастырумен де байланысты.

Жаңғырту Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасының қазақстандық учаскесіндегі автомобиль өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жақсартады, шекарадан ыңғайлы өту және мемлекеттік бақылауды сапалы жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалады, тауарлар мен көліктер қозғалысының барлық циклін автоматтандыру арқылы өткізу қабілеттілігін 6 есеге арттыруға және шекарадан өту уақытын 30 минутқа дейін қысқартуға септігін тигізеді [32].

Осылайша, 2024 жылға арналған нысаналы индикатор – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының «Бизнес пен халық үшін қолайлы бизнес-ортаны құру және әкімшілік кедергілерді азайту» 2.2-мақсатына сәйкес автомобиль өткізу пункттерінде кедендік операцияларды жүргізу уақытын 30 минутқа дейін қысқартуға қол жеткізілетін болады [33].

Шекарадан өтуге байланысты жүзеге асырылатын мемлекеттік бақылаудың көптеген түрлері орталықтандырылатын болады. Тауарлар мен көлік құралдарын шығару туралы шешім орталықтандырылған түрде және шектеулі уақыт ішінде қабылданады. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша толық

